«Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесінде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша анықтама

07.07.2026 жыл **Орал қаласы**

Талданатын объект: «Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңының 8 - бабының 5 - тармағы және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, 2026 жылғы 26 мамырдағы № 446 «Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы басшысы Б. Сабитовтің бұйрығы негізінде өткізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау өткізу мерзімі: 02.06.2026 ж – 02.07.2026 ж.

Талдау кезеңі: 01.04.2025 ж. - 01.04.2026 ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін келесі құрамда **жұмыс тобы** құрылды:

1. Дюсенов Р.М. - жоғары жетістіктер спорты бөлімінің басшысы;
2. Рахымгалиев Б.С. – бұқаралық спортты дамыту бөлімінің басшысы;
3. Батыргалиева С.А. - қаржы-экономикалық бөлімінің басшысы;
4. Аубакирова Р.Н.- басқарманың бас маманы;
5. Туктарова М.Т. - жоғары жетістіктер спорты бөлімінің бас маманы;
6. Есқалиев Д.Р.- жоғары жетістіктер спорты бөлімінің бас маманы.

«Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесіне ведомстволық бағынысты **27** спорт ұйымы бар.

1. Персоналды басқару, оның ішінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне шалдыққан лауазымдарды айқындау.

Басқарманың штаттық саны - 15 мемлекеттік қызметкерді құрайды, нақты саны – 13, вакансиялық штат саны-2, қызметкер декреттік демалыста-1.

2025 жылдың 1 сәуірінен бастап 2026 жылдың 1 сәуіріне дейінгі аралықта басқарма басшысының бұйрығымен 2 қызметкерді қызметке тағайындалып, 2 (өз еріктерімен) қызметкерді қызметтен босаттылып, 1 қызметкер басқа қызметке ауысуына байланысты жұмыстан босатылды. Қызметтік көтермелеу болған жоқ, ішкі ауысу тәртібімен 1 қызметкер басқа лауазымға тағайындалды.

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңының 15-бабының 1-тармағына сәйкес, жергілікті өкілді органдардың тағайындауы немесе сайлану жағдайларын қоспағанда, мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасу конкурстық негізде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2017 жылғы 21 ақпандағы «Мемлекеттік әкімшілік лауазымға орналасудың кейбір мәселелері туралы» № 40 бұйрығына сәйкес «Б» корпусының бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға конкурс өткізіледі.

Басқарманың қаржы-экономикалық бөлімінің бас маманы тұрақты лауазымы 2025 жылдың 31 мамырынан бастап және Басқармадағы басшының орынбасары лауазымы 2026 жылдың 10 ақпан айынан бос тұр.

Соған сәйкес лауазымның ұзақ мерзімі бос болуы сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тудырады, жұмыс жүктемесінің көбейіп мен жұмыс сапасының төмендеуіне алып келеді.

2025 жылы жылдың шілде айынан бастап Басқарма құзіретіне облысымыздың туризм саласын басқару және реттеу берілді. Соған байланысты басқарма қызметкерлеріне тағы да қызметтік жүктеме көбейіп отырғанын аңғартады. Аталған мәселені шешу күн тәртібіндегі мәселе болап табылады.

Ұсыныс:

1) «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңы және «Б» корпусының мемлекеттік әкімшілік лауазымына орналасуға арналған конкурсты өткізу қағидаларына сәйкес бос немесе уақытша бос мемлекеттік әкімшілік лауазымға конкурс жариялау жөнінде облыс әкімі аппаратына ұсыным жолдау.

2) Конкурс рәсімдерінің ашықтығын арттыру: барлық кезеңдерді, хаттамаларды, комиссия шешімдерін ресми сайттарда жариялау. Мүдделер қақтығысын тексеру рәсімін міндетті ету (туыстық байланыстар, ортақ бизнес, бұрынғы әріптестік).

3) Туризм саласының Басқарма құзіретіне берілуіне байланысты саланың нәтижелі дамуына қамтамасыз ету және мемлекеттік қызметкерлердің жұмыс жүктемесін азайту мақсатында Батыс Қазақстан облысы әкімдігіне Басқармадағы штат санын арттыру жөнінде ұсыныс жасау.

2. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында 2026 жылдың қаңтар-ақпан айларында қызметтік сұрау салу арқы Басқармаға бағыныста мекекемелердің лауазымды тұлғаларға теңестірілген тұлғалардың өзі басқарып отырған мекемеде жақын туыстығы бар тұлғалардың тікелей бағыныстылығында жұмыс істеу жөнінде 2 факт анықтылып, дереу алдын алынды. Аталғаан лауазымды тұлғаларға тәртәптік жаза қолданып, туысқан қызметкерлері жұмыстан шығарылды.

Ұсыныс:

4) Барлық бағыныста мекемелерге аталған факт жөнінде хабарланып, қатаң ескертілсін.

Әр жарты жыл сайын әр мекеме директорлары өз мекемесі бойынша мүдделер қақтығысы бар/жоқтығы жөнінде анықтама тапсыру.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету. Рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

2025 жылғы 1 сәуірінен 2026 жылдың 1 сәуірі аралығы 1871 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

1) Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетілді: «Жергілікті спорт федерацияларын аккредиттеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет бойынша - 12.

Оның ішінде 4 оң нәтиже көрсетілді.

2) Мемлекеттік корпорация арқылы немесе «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы «Қазақстан Республикасының спорт шеберлігіне кандидат, 1-разрядты спортшы спорттық разрядтарын және біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты жаттықтырушы, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі орта деңгейдегі бірінші санатты әдіскер, біліктілігі жоғары деңгейдегі бірінші санатты нұсқаушы-спортшы, бірінші санатты спорт төрешісі біліктілік санаттарын беру» көрсетілген мемлекеттік қызмет:

Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілді - 1027. Оның ішінде қате түскен 65 өтінім бекітілген стандарт нысанына сәйкес толық болмауына байланысты, нормалар мен талаптарға сай келмеуіне байланысты бас тартылды.

«Электрондық үкімет» веб-порталы арқылы көрсетілді - 201. Оның ішінде қате түскен 25 өтінім, оларды аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары көрсетеді. 31 өтінім бекітілген стандарт нысанына сәйкес толық болмауына байланысты бас тартылды.

3) Басқармаға қарасты балалар-жасөспірімдер спорт мектептерінің кеңсесі арқылы көрсетілді: «Спорт мектептеріне және спорт мектептерінің бөлімшелеріне «мамандандырылған» деген мәртебе беру» мемлекеттік қызмет көрсетілген - 1061.

4) Басқармаға қарасты Олимпиадалық резервтің облыстық мамандандырылған мектеп-интернат-колледжі кеңсесі арқылы «Олимпиадалық резервтің республикалық мамандандырылған мектеп-интернаттары-колледждеріне және спорттағы дарынды балаларға арналған облыстық мектеп-интернаттарына құжаттарды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызметі бойынша -55;

5). Мемлекеттік корпорация арқылы көрсетілді: «Олимпиада, Паралимпиада, Сурдлимпиада ойындарының чемпиондары мен жүлдегерлеріне тұрғын үй беру» мемлекеттік қызметі -0.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процесін жетілдіру бойынша, оның ішінде оларды автоматтандыру, оңтайландыру және Мемлекеттік корпорация арқылы оларды көрсетуге көшіру бойынша шаралар алынған жоқ.

Электрондық түрде «Е-Лицензиялау» МДҚ арқылы көрсетілген мемлекеттік қызметтер жоқ.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына арыз-шағым болған жоқ.

Ішкі талдау кезінде Басқармамен мемлекеттік көрсетілетін қызмет мерзімін бұзушылық немесе сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 21-бабына сәйкес, мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі туралы ақпарат мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді көрсетілетін қызметті берушілердің орналасқан жерлерінде және Мемлекеттік коорпорацияда орналастыру арқылы ұсынылады.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Мемлекеттік спорттық ұсыныс бойынша «Даму бала» платформасы жұмыс жүйесінен прокурорлық тексеру нәтижесінде мемлекеттік бюджетті игеруге қатысты бірқатар бұзушылқтар анықталды, атап айтқанда негізінде жоқ адамдардың есебінен заңсыз ақша табу, қызмет тұтынушының портал жүйесімен бір секциядан екінші секцияға тұғылықты жері бойынша ауыса алмауы және т.б. Аталған олқылықтарды жою үшін басқарма шешімімен жаңа базалық жүйе «Қадам-ай» платформалық жүйесіне ауысты.

4. Бақылау-тексеру функцияларын іске асыру.

Ережеге сәйкес Басқармада бақылау және қадағалау функциялары жоқ.

5. Бюджет және қаржы қаражатын игеру және бөлуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Басқарманың 2025 жылға бекітілген жоспарына сәйкес 14 082 789,0 мың теңге қарастырылды, игерілгені 99,9 % құрады.

Басқарманың 2026 жылдың бекітілген жоспарға сәйкес 14 468 285,0 мың теңге қарастырылды (игерілуде).

Облыста спорт секцияларын жан басына шаққандағы қаржыландыру бойынша мемлекеттік спорттық тапсырысқа 2025 жылы 2 713 360,0 мың теңге қаражат бөлінді, игерілгені 100 % құрады.

Балаларды одан әрі тегін спорттық секциялармен қамту мақсатында 2026 жылы 2 822 151,0 мың теңге бөлінді (игерілуде).

Мемлекет қаражатын тиімді пайдалану және цифрландыру жүйесін енгізу мақсатында Басқармаға бағынысты балалар-жасөспірімдер спорт мектептеріне жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесін енгізу туралы мәселесін қарастыру қажет.

Ұсыныс: 5) ҚР Туризм және спорт министрлігіне және Батыс Қазақстан облысының әкімдігіне Мемлекет қаражатын тиімді пайдалану және цифрландыру жүйесін енгізу мақсатында Басқармаға бағынысты балалар-жасөспірімдер спорт мектептеріне жан басына шаққандағы қаржыландыру жүйесін енгізу туралы ұсыныс енгізу.

6. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасу.

Басқарма бойынша талданып отырған кезеңде 9 968 476,0 теңгеге мемлекеттік сатып алу туралы 187 келісім шарт жасалды.

Мемлекеттік сатып алу бойынша келіспеушіліктер мен сотпен қаралған келісім шарттар болған жоқ.

7. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдалану.

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдаланумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

Ақпараттық қауіпісіздік пен жасанды интелект бойынша басқарманың барлық қызметкерлері семинар сабағынан өтті.

8. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелер.

Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасында азаматтардың және ұйымдардың өтініштерін уақытылы қарау бойынша жұмыс Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес жүргізіледі.

01.04.2025 ж.. – 01.04.2026 ж. басқармаға жеке және заңды тұлғалардан 568 өтініш түсті, соның ішінде: 299 – арыз, 41– шағым, 151-ұсыныс және 77 – хабарлама, сұраным.

Ішкі талдаудың қамтылып отырған мерзімі ішінде басқарма қызметкерлерімен «ЕӨтініш» базасымен тұлғалардың арыз-шағымдарын қарау барысында 5 «ҚР Әкімшілік рәсімдік процестік кодексінің» нормаларын бұза отырып қарау фактілері орын алды. Аталған қызметшілерге «ескерту» түріндегі тәртіптік жаза қолданылды.

Ұсыныс: 6) Басқарма қызметшілеріне «ЕӨтініш» және «ҚР Әкімшілік рәсімдік процестік кодексі» бойынша оқыту семинарлары мен түсіндіру жұмыстарын ұйымдастыру.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Талдау барысында нормативтік-құқықтық актілерде, қаржы-шаруашылық қызметте, кадр мәселесі және басқа да мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталды. Аталған тәуекелдерді жою мақсатында арнайы жоспар құрылып, жұмыстар атқарылатын болады.

«Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы» мемлекеттік мекемесіне бағынысты ұйымдардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы ішкі талдаудың нәтижелері:

«Ақжайық ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жургізілген ішкі талдау мәні:

Талданатын объект: «Ақжайық ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мекен-жайы: Батыс Қазақстан облысы Ақжайық ауданы Чапаев ауылы, М.Ихсанов көшесі 15/1. ғимарат

2026 жылғы 26 мамырдағы №446 «Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Б.М.Сабитовтың бұйрығы негізінде мекемеде жұмыс тобы құрылып өткізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау өткізу мерзімі: 02.06.2026ж. – 02.07.2026ж.

Талдау кезеңі: 01.04.2025ж.-01.04.2026ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау мәні:

«Ақжайық ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметі.

I. Қолданыстағы құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдер анықталған жоқ.

II.Ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау жүргізу барысында Мекеменің ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

III. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«Ақжайық ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша қызметкерлердің штат саны-122,5 бірлік, бос орын жоқ.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 10 маусымдағы № 157 «Дене шынықтыру және спорт саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидаларын және шарттарын бекіту туралы» бұйрығының 2-тармағына сәйкес, қызметшілерді аттестаттаудан өткізу кәсіби даярлық деңгейін айқындау мақсатында жүзеге асырылады. Барлық жұмыскерлер аттестаттаудан өтуге жатады.

Мекемедегі еңбек өтілі 3 жылдан асқан азаматтық қызметкерлер аттестаттаудан өткізілді.

IV. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен әңгімелесу барысында ұжым арасында мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

V. Мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Балалар-жасөспірімдер спорт мектептеріне қабылдау бойынша10 қызмет көрсетілді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына арыз-шағым болған жоқ.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі мен оларды толтыру нысандары үлгілері ақпараттық стендта толық орналастырылған.

VI. Рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жарғыға сәйкес рұқсат беру функциялары жүзеге асырылмайды.

VII. Бақылау функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жарғыға сәйкес бақылау және қадағалау функциялары жоқ.

VIII. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданып отырған кезеңде өтініштер түскен жоқ.

IX. Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мекеменің 2025 жылға бекітілген жоспарына сәйкес 361 138,0 мың теңге қарастырылды, игерілгені 100% құрады.

Мекеменің 2026 жылғы 1-жартыжылдығына бекітілген жоспарына сәйкес 182 476,0 мың теңге қарастырылды, игерілгені 100% құрады.

Ұсыным: Мекемедегі азаматтық қызметкерлерді аттестаттаудан өткізуді ұйымдастыру қажет.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Талдау барысында нормативтік-құқықтық актілерде, қаржы-шаруашылық қызметте, кадр мәселесі және басқа да мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

«Бәйтерек ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі»

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау мәні:

Мекен-жайы: Батыс Қазақстан облысы, Бәйтерек ауданы, Калинин ауылы, Фрунзе көшесі, 37 А.

2026 жылғы 26 мамырдағы № 446 «Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Б.Сабитовтың бұйрығы. «Бәйтерек ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры М.Г.Ундагановтің сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы бұйрығы негізінде.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау өткізу мерзімі: 02.06.2026 ж. – 02.07.2026 ж.

Талдау кезеңі: 01.04.2025 ж.-01.04.2026 ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау мәні:

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының «Бәйтерек ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметі.

I. Қолданыстағы құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдер анықталған жоқ.

II.Ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау жүргізу барысында Кәсіпорынның ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

III. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының «Бәйтерек ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша қызметкерлердің штат саны - 47,01 бірлік, бос орын бар – 1 бірлік.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 10 маусымдағы № 157 «Дене шынықтыру және спорт саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидаларын және шарттарын бекіту туралы» бұйрығының 2-тармағына сәйкес, қызметшілерді аттестаттаудан өткізу кәсіби даярлық деңгейін айқындау мақсатында жүзеге асырылады. Жүктілігі туралы медициналық қорытынды ұсынған жүкті әйелдерден басқа барлық жұмыскерлер аттестаттаудан өтуге жатады.

IV. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

V. Мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының «Бәйтерек ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік қызмет қабылдау бойынша 660 қызмет көрсетілді.

VI. Рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жарғыға сәйкес рұқсат беру функциялары жүзеге асырылмайды.

VII. Бақылау функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жарғыға сәйкес бақылау және қадағалау функциялары жоқ.

VIII. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданып отырған кезеңде өтініштер түскен жоқ.

IX. Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мекеменің 2025 жылға бекітілген жоспарына сәйкес 117984,0мың теңге қарастырылды, игерілгені 100% құрады.

Мекеменің 2026 жылғы 1-жартыжылдығына бекітілген жоспарына сәйкес 66037,0мың теңге қарастырылды, игерілгені 100% құрады.

ҚОРЫТЫНДЫ:

02.06.2026 жылдың тексеріс кезінде аудит нәтижесіне сәйкес аудиторлық есепте көрсетілген және жүргізілген қаржылық 01.04.2025-01.04.2026 ж. аралығында тексеру фактісі бойынша бұзушылықтар анықталған жоқ. Талдау барысында кадр мәселесі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

«Бөрлі ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Талданатын объект:Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының «Бөрлі ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ

Мекен-жайы:Батыс Қазақстан облысы,Бөрлі ауданы, Халықтар көшесі 6Б құрылысы.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабы 5-тармағы және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жаңа үлгілік қағидаларына сәйкес, 2026 жылғы 26 мамырдағы №29 « Бөрлі ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ директоры Е.Мергалиевтің бұйрығы негізінде өткізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау өткізу мерзімі:02.06.2026 ж – 02.07.2026 ж.

Талдау кезеңі:01.04.2025 ж – 01.04.2026 ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін келесі құрамда **жұмыс тобы** құрылды:

1.Л.Имашева– директордың оқу ісіжөніндегі орынбасары, топ жетекшісі,

3.К.Успангалиева – бас есепші, топ мүшесі,

4. А.Мурзагалиева – шаруашылық меңгерушісі, топ мүшесі,

4.М.Саркулова– кадр бөлімінің инспекторы, топ мүшесі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жургізілген ішкі талдау мәні:

« Бөрлі ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ

1. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«Бөрлі ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» КММ –ның бойынша қызметкерлердің штат саны- 73, жаттықтырушылардан -5 бос орын бар.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 10 маусымдағы № 157 «Дене шынықтыру және спорт саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидаларын және шарттарын бекіту туралы» бұйрығының 2-тармағына сәйкес, қызметшілерді аттестаттаудан өткізу кәсіби даярлық деңгейін айқындау мақсатында жүзеге асырылады. Жүктілігі туралы медициналық қорытынды ұсынған жүкті әйелдерден басқа барлық жұмыскерлер аттестаттаудан өтуге жатады.

2.Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданып отырған кезеңдебалалар-жасөспірімдер спорт мектептеріне құжаттарды қабылдау мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша –291 қызмет көрсетілді.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жарғыға сәйкес рұқсат беру функциялары жүзеге асырылмайды.

5. Бақылау функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жарғыға сәйкес бақылау және қадағалау функциялары жоқ.

6. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданып отырған кезеңдесыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

7. Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мекеменің 2025 жылға бекітілген жоспарына сәйкес _228867,0_мың теңге қарастырылды, игерілгені 100% құрады.

Мекемнің 2026 жылғы 1-жартыжылдығына бекітілген жоспарына сәйкес _129923,0_мың теңге қарастырылды, игерілгені100% құрады.

8.Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданып отырған кезеңде келісімшарттар болған жоқ.

9. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдаланумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдаланумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Талдау барысында кадр мәселесі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Ұсыным:

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі мен оларды толтыру нысандары үлгілері ақпараттық стендта толықтай орналастыру қажет.

«Бөкей ордасы ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша анықтама

Талданатын объект: «Бөкей ордасы ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мекен-жайы: Бөкей ордасы ауданы, Сайқын ауылы, Т.Жароков көшесі 22 ғимарат.

2026 жылғы 26 мамырдағы №446 «Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Б.Сабитовтың бұйрығы негізінде мекемеде жұмыс тобы құрылып өткізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау өткізу мерзімі: 02.06.2025ж. – 02.07.2025ж.

Талдау кезеңі: 01.04.2024ж.-01.04.2025ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жургізілген ішкі талдау мәні:

«Бөкей ордасы ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі қызметі.

I. Қолданыстағы құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдер анықталған жоқ.

II.Ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау жүргізу барысында мекеменің ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

III. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«Бөкейордасы ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі бойынша қызметкерлердің штат саны - 48 бірлік, бос орындар саны - 7.

1. Завуч – 1 бірлік;
2. Фото және видео операторы – 1 бірлік;
3. Автокөлік жүргізуші – 1 бірлік;
4. Психолог(спорттық) – 1бірлік;
5. Бәйге бөлімінің жаттықтырушысы – 1 бірлік;
6. Күрес бөлімінің жаттықтырушысы – 2 бірлік.

IV. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

V. Мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына арыз-шағым болған жоқ. Алайда, Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңның 21-бабына сәйкес, мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібі айқындайтын заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді көрсетілген қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі мен оларды толтыру нысандары үлгілері ақпараттық стендта толық орналастырылмаған.

VI. Рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жарғыға сәйкес рұқсат беру функциялары жүзеге асырылмайды.

VII. Бақылау функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жарғыға сәйкес бақылау және қадағалау функциялары жоқ.

VIII. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Е-өтінішке 4 өтініш түсті, 4 өтініште қаралып, қанағаттандырылды.

IX. Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мекеменің 2025 жылға бекітілген жоспарына сәйкес _161 971,0_ мың теңге қарастырылды, игерілгені 99,9% құрады.

Мекеменің 2026 жылғы 1-жартыжылдығына бекітілген жоспарына сәйкес _76 664,0_ мың теңге қарастырылды, игерілгені _99,9_ % құрады.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Ұсыным:

Лауазымдық бос орындарға конкурс бойынша қызметкерлер алуды жедел ұйымдастыру.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізімі мен оларды толтыру нысандары үлгілері ақпараттық стендта толықтай орналастыру қажет.

Жаңақала ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектеюі коммуналдық мемлекеттік мекемесінде жүргізілген сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау нәтижелері бойынша анықтама

Талданатын объект: Батыс Қазақстан облысы әкімдігі дене шынықтыру және спорт басқармасының «Жаңақала ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны.

Мекен-жайы: Батыс Қазақстан облысы, Жаңақала ауданы, Жаңақала ауылдық округы, Д.Нұрпейісова, ғимарат 38.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 8-бабы 5-тармағы және Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2023 жылғы 16 қаңтардағы № 21 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық

тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің жаңа үлгілік қағидаларына сәйкес, 2026 жылғы 26 мамырдағы №21 «Жаңақала ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директоры Д.Жағыпаровтың бұйрығы негізінде өткізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау өткізу мерзімі: 02.06.2026 ж – 02.07.2026 ж.

Талдау кезеңі: 01.04.2025 ж – 01.04.2026 ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін келесі құрамда **жұмыс тобы** құрылды:

2. Д.С.Жарасов – директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары, топ жетекшісі,
3. Г.А.Батрашева – әдіскер топ мүшесі,
4. Т.Магзумова – бас есепші, топ мүшесі,
4. А.Жусупова – іс қағаз жүргізушісі топ мүшесі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жургізілген ішкі талдау мәні:

«Жаңақала ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қызметі.

1. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«Жаңақала ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны бойынша қызметкерлердің штат саны- 38 бірлік, бос орын шаруашылық меңгерушісі және сантехник.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 10 маусымдағы № 157 «Дене шынықтыру және спорт саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидаларын және шарттарын бекіту туралы» бұйрығының 2-тармағына сәйкес, қызметшілерді аттестаттаудан өткізу кәсіби даярлық деңгейін айқындау мақсатында жүзеге асырылады. Жүктілігі туралы медициналық қорытынды ұсынған жүкті әйелдерден басқа барлық жұмыскерлер аттестаттаудан өтуге жатады.

2. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

3. Мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданып отырған кезеңде балалар-жасөспірімдер спорт мектептеріне құжаттарды қабылдау мемлекеттік көрсетілетін қызметтер бойынша – 138 қызмет көрсетілді.

4. Рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жарғыға сәйкес рұқсат беру функциялары жүзеге асырылмайды.

5. Бақылау функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жарғыға сәйкес бақылау және қадағалау функциялары жоқ.

6. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданып отырған кезеңде сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

7. Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мекеменің 2025 жылға бекітілген жоспарына сәйкес _124524,0_мың теңге қарастырылды, игерілгені 100 % құрады.

Мекемнің 2026 жылғы 1-жартыжылдығына бекітілген жоспарына сәйкес _67036,0_ мың теңге қарастырылды, игерілгені 100 % құрады.

8. Жеке және заңды тұлғалармен шарттар жасасумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданып отырған кезеңде келісімшарттар болған жоқ.

9. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдаланумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау жүргізу барысында ақпараттық жүйелерді әзірлеу және пайдаланумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Талдау барысында кадр мәселесі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталған жоқ.

ҰСЫНЫМДАР:

1. Мекемедегі азаматтық қызметкерлерді аттестаттаудан өткізуді ұйымдастыру;

2.Лауазымдық бос орындарға конкурс бойынша қызметкерлер алуды жедел ұйымдастыру.

«Жәнібек ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі»

Талданатын объект:«Жәнібек ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Мекен-жайы: М.Өтемісов 26.

2026 жылғы 26 мамырдағы № 446 «Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасында сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» Батыс Қазақстан облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Б. Сабитовтың бұйрығы негізінде мекемеде жұмыс тобы құрылып өткізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау өткізу мерзімі: 02.06.2026ж. – 02.07.2026ж.

Талдау кезеңі: 01.04.2025ж.-01.04.2026ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау мәні:

«Жәнібек ауданың балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызметі.

I. Қолданыстағы құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдер анықталған жоқ.

II.Ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау жүргізу барысында Кәсіпорынның ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

III. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуек»(елдерін анықтау.

«Жәнібек ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесібойынша қызметкерлердің штат саны-44,14 бірлік, 4 бос орын.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 10 маусымдағы № 157 «Дене шынықтыру және спорт саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидаларын және шарттарын бекіту туралы» бұйрығының 2-тармағына сәйкес, қызметшілерді аттестаттаудан өткізу кәсіби даярлық деңгейін айқындау мақсатында жүзеге асырылады. Жүктілігі туралы медициналық қорытынды ұсынған жүкті әйелдерден басқа барлық жұмыскерлер аттестаттаудан өтуге жатады.

Ұсыным:мекемедегі азаматтық қызметкерлерді аттестаттаудан өткізуді ұйымдастыру.

IV. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

V. Мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«Жәнібек ауданының балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі мемлекеттік қызмет көрсетеді. 32 мемлекеттік қызмет көрсетілді.

VI. Рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жарғыға сәйкес рұқсат беру функциялары жүзеге асырылмайды.

VII. Бақылау функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жарғыға сәйкес бақылау және қадағалау функциялары жоқ.

VIII. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданып отырған кезеңде өтініштер түсті.

IX. Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мекеменің 2025 жылға бекітілген жоспарына сәйкес _110 045 ,0_мың теңге қарастырылды, игерілгені _100_% құрады.

Мекемнің 2026 жылғы 1-жартыжылдығына бекітілген жоспарына сәйкес _65 618,0_мың теңге қарастырылды, игерілгені _100_% құрады.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Қаржы-шаруашылық қызметте, кадр мәселесі және басқа да мәселелер бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Мекемедегі азаматтық қызметкерлерді аттестаттаудан өткізуді ұйымдастыру қажет.

ҰСЫНЫМДАР:

1. Мекемедегі азаматтық қызметкерлерді аттестаттаудан өткізуді ұйымдастыру;

2.Лауазымдық бос орындарға конкурс бойынша қызметкерлер алуды жедел ұйымдастыру.

«Жауынгерлік өнер қауымдастығының облыстық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Талданатын объект:«Жауынгерлік өнер қауымдастығының облыстық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Мекен-жайы: Орал қаласы, Қ.Аманжолов көшесі, 174 ғимараты.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңының 8-бабының 2-тармағы және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, 2026 жылғы 26 мамырдағы «Жауынгерлік өнер қауымдастығының облыстық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» «Жауынгерлік өнер қауымдастығының облыстық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі»мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры К.Жангалиевтің бұйрығы негізінде өткізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау өткізу мерзімі: 01.06.2026ж. – 01.07.2026ж.

Талдау кезеңі: 01.04.2025 ж. -1.04.2026 ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жургізілген ішкі талдау мәні:

«Жауынгерлік өнер қауымдастығының облыстық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі»мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

I. Қолданыстағы құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдер анықталған жоқ.

II.Ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау жүргізу барысында Кәсіпорынның ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

III. Персоналды басқарумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

«Жауынгерлік өнер қауымдастығының облыстық балалар-жасөспірімдер спорт мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны бойынша қызметкерлердің штат саны-76,5 бірлік, бос орын жоқ.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 10 маусымдағы № 157 «Дене шынықтыру және спорт саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидаларын және шарттарын бекіту туралы» бұйрығының 2-тармағына сәйкес, қызметшілерді аттестаттаудан өткізу кәсіби даярлық деңгейін айқындау мақсатында жүзеге асырылады. Жүктілігі туралы медициналық қорытынды ұсынған жүкті әйелдерден басқа барлық жұмыскерлер аттестаттаудан өтуге жатады.

Соңғы рет мекемедегі барлық азаматтық қызметкерлер 2022 жылы аттестаттаудан өтті.

IV. Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мүдделер қақтығысына байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау мақсатында әдеп жөніндегі уәкілмен ұжым арасында анонимді сауалнама жүргізілді. Нәтижесінде мүдделер қақтығысы анықталған жоқ.

V. Мемлекеттік қызмет көрсетуге байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Балалар-жасөспірімдер спорт мектептеріне, мүгедектерге арналған спорт мектептеріне құжаттарды қабылдау бойынша 129 қызмет көрсетті.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер сапасына арыз-шағым болған жоқ.

VI. Рұқсат беру функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жарғыға сәйкес рұқсат беру функциялары жүзеге асырылмайды.

VII. Бақылау функцияларын іске асырумен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Жарғыға сәйкес бақылау және қадағалау функциялары жоқ.

VIII. Ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметтен туындайтын өзге де мәселелерді іске асыруға байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талданып отырған кезеңде өтініштер түскен жоқ.

IX. Қаржы-шаруашылық қызметпен байланысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Мекеменің 2025 жылға бекітілген жоспарына сәйкес 238 245,0мың теңге қарастырылды, игерілгені 100% құрады.

Мекемнің 2026 жылғы 1-жартыжылдығына бекітілген жоспарына сәйкес 119 260,0мың теңге қарастырылды, игерілгені 100% құрады.

ҚОРЫТЫНДЫ:

Талдау барысында кадр мәселесі бойынша сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

Ұсыным:
Мекемедегі азаматтық қызметкерлерді аттестаттаудан өткізуді ұйымдастыру.

«Жекпе-жек спорты түрлерінен олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

Талданатын объект: «Жекпе-жек спорты түрлерінен олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Мекен-жайы: Орал қаласы, Зашаған кенті, «Арман» шағын ауданы, Мөңкеұлы көшесі, 114 үй.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл» Заңының 8-бабының 2-тармағы және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі Төрағасының 2016 жылғы 19 қазандағы № 12 бұйрығымен бекітілген Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидаларына сәйкес, 2026 жылғы 26 мамырдағы №27/1-н «Жекпе-жек спорты түрлерінен олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы» «Жекпе-жек спорты түрлерінен олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының директоры Е.Айсагалиевтың бұйрығы негізінде өткізілді.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау өткізу мерзімі: 01.06.2026 ж – 01.07.2026 ж.

Талдау кезеңі: 01.04.2025 ж.-01.04.2026 ж.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу үшін келесі құрамда **жұмыс тобы** құрылды:

1. Е.К.Айсагалиев – директор, топ жетекшісі;
2. И.М.Муталипов – директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары, топ мүшесі,
3. А.К.Муратова – бас есепші, топ мүшесі,
4. Н.Б.Мулдагалиева – кадр бөлімінің инспекторы, топ мүшесі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жургізілген ішкі талдау мәні:

«Жекпе-жек спорты түрлерінен олимпиада резервінің мамандандырылған балалар-жасөспірімдер мектебі» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының қызметі.

I. Қолданыстағы құқықтық актілерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдер анықталған жоқ.

II.Ішкі құжаттарда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау.

Талдау жүргізу барысында Кәсіпорынның ішкі құжаттарында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері анықталмады.

